

Р. Ж. Ныгызбаева¹, Г. Н. Иманбаева¹, М. М. Тусупбекова², Л. М. Стабаева^{1*}, С. С. Абиева²

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ

¹«Облыстық клиникалық аурухана» КМК (Қарағанды қ., Қазақстан);

²Профессор Х. Ж. Мақажанов атындағы көпсалалы аурухана ШЖҚ КМК (Қарағанды қ., Қазақстан).

***Лейла Медеубаевна Стабаева** – «Облыстық клиникалық аурухана» КМК (Қарағанды қ., Қазақстан);
e-mail: stabayeva@qmu.kz.

Мақаланың мақсаты – студенттерді оқытудың әдістері мен формаларын жетілдіру, ғылыми негізделген бірыңғай жүйені қалыптастыру. Жоғары оқу орнында білікті мамандарды дайындау, оқытудың жаңа нығайтқыш түрлері мен әдістерін қолдануды талап етеді. Инновациялық педагогикалық технологиялардың негізінде білім берудің жолдарын айқындап, жетілдіріп отыру қажет. Халықаралық білім нарығында мамандарды даярлауға деген талаптың артуы және оқу үдерісінде заманауи инновациялық технологияларды кеңінен енгізу жоғары оқу орынындағы білім беру және медицинадағы ғылыми техниканың алға жылжуын белсенді түрде қолдау мемлекеттік стратегиялардың жаңа міндеттерінің бірі болып қала береді. Оқу үрдісіне оқытудың интерактивті технологиясын енгізу, оның ішінде, бейнеконтентпен қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану, медициналық-техникалық мамандықтар бойынша материалдық-техникалық базаны нығайту, электронды оқу залдарының санын көбейту, ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру кеңінен жалғасып келеді.

Заманауи иновациялық технологияларды тек оқу үдерісінде ғана қолданылып қоймай, сонымен қатар халықаралық нарықта өте жоғары сұранысқа ие мамандандырылған бәсекеге қабілетті жас мамандарды даярлауда да кең қолданыс тапқаны жөн. Білім берудің тиімді жолдары, білім деңгейінде әр түрлі әдістерді қолдану арқылы анықталады. Бүгінгі таңда оқу процессінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістерімен қатар жаңа әдістері де жиі қолданылып жүр. Студенттердің білім деңгейлерін бағалау, білім берудің әр түрлі әдістері арқылы анықталады.

Кілт сөздер: инновациялық оқыту, интеграциялық білім, өзіндік жұмыс, педагогика.

КІРІСПЕ

Оқу үдерісіне тиімді инновациялық білім беру технологияларын және білім арудың соңғы нәтижесін бағалаудың объективті әдісін енгізу студенттердің интеграциялық білім алуының негізгі ұстанымдарын қолдана отырып, кәсіптік құзыреттілігін қалыптастырумен білім арудың кредиттік түрін енгізумен білім берудің ұстанымдарын ерекшелеп, алға бастайды. Заманауи технологияларды қолдана отырып оқу үдерісін ұйымдастыру студенттердің тәжірибелік дағдысын жетілдіруге мүмкіндік береді [6, 8].

Халықаралық білім нарығында мамандарды даярлауға деген талаптың артуы және оқу үдерісінде заманауи инновациялық технологияларды кеңінен енгізу жоғары оқу орынындағы білім беру және медицинадағы ғылыми техниканың алға жылжуын белсенді түрде қолдау мемлекеттік стратегиялардың жаңа міндеттерінің бірі болып қала береді.

Сондықтан жоғары оқу орны инновациялық педагогикалық технологиялардың негізінде білім берудің жолдарын айқындап, жетілдіріп отыру

қажет. Инновациялық оқыту технологиялары студенттердің білім, іскерлік, дағдысын қалыптастырып, оқытудағы тұлғалық бағдарлы және жекелеп оқытудың мәні жайында түсінік беру, қазіргі педагогикалық тұрғыдағы жаңа енгізулермен таныстыру, жаңа типті білім беру орындарындағы ізгілікті білім беру жүйесін құрудың басты мәселелерінің мәнін ашуды көздейді [3, 11].

Жоғары педагогикалық білім берудің қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселесі – бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай кәсіби мамандарды даярлау. Бұл жоғары оқу орындарында білім беру сапасын арттыру, әлемдік білім кеңістігінің тәжірибелерін игеру арқылы ғана жүзеге асатындығы белгілі [9].

Заманауи технологияларды қолдануды есепке ала отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру студенттерге тәжірибелік дағдыларды игеруге, медицинаның теориялық негізін түсінуге және ұсынылған жағдайлық есепті мысалға ала отырып, клиникалық ойлау қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Университеттік білім беруді дамытудың әлемдік бағыттарында студенттердің өзіндік жұмысы үлесінің өсу үрдісі оқытудан оқуға ауысуы айқын көрінеді.

Осыған байланысты білім берудегі құзыреттілік тәсіліне көшу арқылы өзіндік жұмыс дағдылары мен қабілеттілік жүйесін қалыптастыру, студенттердің өзіндік іс-әрекет мәдениетін тәрбиелеу қажет екендігі айқын болады.

1 Денсаулық сақтау саласында Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі талаптары халықаралық деңгейде қолданысқа ие заманауи ғылымның дамуына үлес қосатын, жоғары білікті маман даярлау. Жаңа маманның қалыптасуының маңызды бөлшегі жоғарғы оқу орнындағы білім берудің түрі және дәстүрі, студенттердің оқып, білім алуының жетілуі, заманауи білім алу үдерісіндегі инновациялық әдістерді қолдану және оны бақылау әдісі. Студенттерде негізгі медициналық пәндерді меңгеруге деген ынтасын және қызығушылығын қалыптастыру. Бұл игерген білім арқылы нақты клиникалық мәселені шешуге мүмкіндік туындайды. Интеграцияланған оқу бағдарламалары фундаментальды және клиникалық ғылымдардың арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Интеграцияланған білім беру болашақ дәрігерлерге клиникалық жағай бойынша толық көрініс алу үшін және әр нақты науқасқа өзіндік ем тағайындауға көмек береді [4, 12].

Өмірімізде болып жатқан қарқынды өзгерістер жоғары білім беру жүйесінің көптеген проблемаларымен бетпе-бет келуіне әкеледі. Осыған байланысты оқытудың пайдалы және тиімді әдістерін анықтауға бағытталған зерттеулер-біздің заманымыздың маңызды қажеттіліктерінің бірі. Медициналық университет – бұл тек білім беру жүйесі ғана емес, сонымен бірге жаңа идеялар қалыптастыратын шығармашылық кеңістік. Осыған орай білім сапасы – қазіргі білім беру жүйесінен күтілетін негізгі өнім ретінде басты маңызға ие.

ТӘСІЛДЕР МЕН МАТЕРИАЛДАР

Заманауи білім беру үрдісіндегі өзіндік жұмыс қажетті ақпаратты өз бетінше іздеуді, аудиториялық сабақтар барысында оқу материалын шығармашылық қабылдау мен ұғынуды, сабақтарда және аудиториядан тыс уақытта студенттердің танымдық іс-әрекетінің әртүрлі нысандарын, аналитикалық қабілеттерді, оқу уақытын бақылау және жоспарлау дағдыларын дамытуды, оқу жұмысын ұтымды ұйымдастыру қабілеті мен дағдыларын дамытуды қамтамасыз ете алатын оқытуды

ұйымдастыру нысаны ретінде қарастырылады. Осылайша, өзіндік жұмыс-бұл студенттердің белсенділігін, тәуелсіз және танымдық қызығушылығын ынталандыратын оқу үрдісін ұйымдастыру түрі.

Кез-келген білімді игеру бойынша өзіндік жұмыс дағдыларын адам ерте балалық шақтан алады және өмір бойы дамытып отырады. Жоғары оқу орнында оқудың басталуына қарай әрбір студенттің оқу орындарында, қосымша білім беру мекемелерінде, жеке тәжірибесі мен өз іс-әрекетін ұйымдастыру дағдылары болады. Алайда, университетте оқу өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар едәуір артады, өйткені олар күрделі жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерді дамытумен байланысты болғандықтан. Тәжірибе көрсеткендей, студенттер өз бетінше жұмыс істеуге қойылатын талаптарды орындауға дайындық деңгейінде ерекшеленеді.

ЖОО-дағы білім беру үрдісі шеңберінде өзіндік жұмыс мынадай міндеттерді шешеді:

- студенттердің аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтар кезінде алған білімдері мен дағдыларын бекіту және кеңейту;
- оқу жоспарының пәндері бойынша қосымша білім мен дағдыларды игеру;
- ғылыми-зерттеу қызметімен байланысты білім мен дағдыларды қалыптастыру және дамыту;
- білім беру бағдарламасын сапалы меңгеруге бағдар беру мен бағдарлауды дамыту;
- өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамыту;
- ойлау дербестігін, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі іске асыру қабілетін қалыптастыру;
- -тиімді, дербес кәсіби теориялық, тәжірибиелік және оқу-зерттеу қызметінің дағдыларын қалыптастыру.

Әр түрлі деңгейдегі өзіндік жұмыстарды тиімді орындау үшін, әр түрлі оқу тапсырмаларын шешу үшін студент қызмет әдістерінің тұрақты жиынтығына ие болуы керек.

Заманауи технологияларды қолдануды есепке ала отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру студенттерге тәжірибелік дағдыларды игеруге, медицинаның теориялық негізін түсінуге және ұсынылған жағдайлық есепті мысалға ала отырып, клиникалық ойлау қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Біз патологиялық анатомия пәнінде студенттердің өз бетінше даярлығын арттыру мақсатында, интеграциялық оқу бағдарламасы бойынша төменде келтірілген түрде сабақтар жүргізіледі.

ЖАҒДАЙЛЫҚ ЕСЕПТЕРМЕН ЖҰМЫС

Алғашында студенттерге клиникалық жағдай ұсынылды. Кейін осы клиникалық жағдай бойынша берілген патологиялық үдерістің этиологиялық факторлары, патогенездік механизмдері және түрлі түсті микросуреттерді қолдана отырып, болуы мүмкін микроскопиялық және макроскопиялық өзгерістер презентация түрінде ұсынылды. Тақырыпқа сәйкес осы алынған материалдарды студенттер сабақ барысында макро – және микропрепараттарды көріп алгоритм бойынша сипаттады. Болжаған патологияның клиника-морфологиялық көріністерін ескеріп, асқынуларын және өлім себептері ашып айтты. Студенттердің барлығы клиникалық жағдайды талқылауда белсенділік танытты, өздерінің клиникалық ойлау қабілеттерін көрсете білді.

ГЛОССАРИЙ ҚҰРАСТЫРУ

Өзіндік жұмыстың мақсаты: тақырыптың ақпараттық деңгейін арттыру; жаңа білім алмасу, қажетті дағдыларды пысықтау.

Глоссарий-мамандандырылған терминдер мен олардың анықтамаларының сөздігі.

Тапсырманың мазмұны: Жалпы Ерекше тақырыппен біріктірілген ұғымдарды немесе терминдерді бір-бірден немесе бірнеше көздерден жинау және жүйелеу.

Тапсырманы орындау:

- 1) жұмысты мұқият оқып шығу;
- 2) жиі кездесетін терминдерді анықтау;
- 3) жалпы тақырыппен біріктірілген терминдердің тізімін жасау;
- 4) терминдерді алфавиттік ретпен орналастыру;
- 5) глоссарий мақалаларын құрастыру:
 - атау септігінде терминнің нақты тұжырымын беру;
 - осы терминнің мағынасын көлемді түрде ашу;

Өзіндік жұмыстың жоспарланған нәтижелері: студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып және ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын ескере отырып кәсіби қызметтің стандартты міндеттерін ақпараттық және библиографиялық негізде шешу қабілеті.

ЖОБАНЫ ӨЗІРЛЕУ (ЖЕКЕ, ТОПТЫҚ)

Студенттерге жобаға қатысуға мүмкіндік беретін тәжірибелік жаттығулардың маңызын жоғарлату, яғни шешім қабылдауда терең ықпал ету маңызды, себебі бәрімізге белгілі «кері байланыс» жоқ жағдай өзінің тиімділігін жоғалтады. Студенттер маңызды деп санайтын тәжірибелік мәні бар мәселелерге тап болуы қажет. Мәселеге бағытталған көзқарас сыни ойлауды дамытып қана қоймай, оқуға деген қызығушылығын

арттырады. Бұл үшін белсенді және мақсатты оқушылардың ішінен оқу тобына көмекшілерді тағайындау арқылы ықпал етілуі мүмкін.

Өзіндік жұмыстың мақсаты: болжау, жобалау, модельдеу қабілетін дамыту.

Жоба – «уақытпен шектеулі, нәтижелер сапасына қойылатын белгіленген талаптары бар, қаражат пен ресурстарды жұмсаудың және арнайы ұйымдық ықтимал шеңберлерімен жеке жүйенің мақсатты өзгеруі» [2, 7].

Тапсырма нұсқалары (магистранттар үшін):

- академиялық топ кураторы қызметінің сараптамалық-бағалау технологиясы бөлімін жобалау (ғылыми-педагогикалық практика);
- оқу сабағының технологиялық картасының жобасын әзірлеу (ғылыми-педагогикалық практика).

Тапсырманы орындау:

- 1) жағдайды диагностикалау (проблематизация, мақсат қою, мақсатты нақтылау, жобаны пішімдеу);
- 2) жобалау (мақсатты, функцияларды, міндеттерді және жұмыс жоспарын нақтылау);
 - міндеттерді шешу әдістері мен құралдарын теориялық модельдеу;
 - нақты міндеттерді шешу кезеңдерін егжей-тегжейлі пысықтау;
 - жоспарланған жобалық әрекеттерді кезең-кезеңімен орындау;
 - алынған нәтижелерді жүйелеу және жалпылау, болжамды нәтижені жобалау, жоба әрекеттерін кезең-кезеңімен орындау);
- 3) рефлексия (алынған нәтиженің сәйкестігін анықтау; алынған өнімнің сапасын анықтау; оның дамуы мен қолданылу перспективасы. Өздік жұмыстың болжамды нәтижелері:
 - студенттердің заманауи білім мәселелерін және білім беру және кәсіптік міндеттерді шешуде білім деңгейін қолдануға дайындығы;
 - зерттеу міндеттерін түпнұсқалық түрде шешу үшін жеке шығармашылық қабілеттерін пайдалануға дайын болу;
 - болжау, жобалау, модельдеу қабілеті.

ИНФОГРАФИКАНЫ ҚОЛДАНУ

Өзіндік жұмыстың мақсаты: тақырыптағы ұғымдар немесе жекелеген бөлімдер арасындағы қатынасты инфографика көмегімен меңгеру.

Инфографика – «ақпаратты, байланыстарды, сандық мәліметтер мен білімді графикалық түрде ұсынатын коммуникативті дизайн саласы» [5].

Тапсырма нұсқасы: көрнекі формалар-белгілер, графикалық дизайн, суреттер, иллюстрациялар көмегімен берілген тақырып бойынша ақпарат ұсыну.

Тапсырманы орындау деңгейлердің тізімі:

- 1) тақырыпты таңдау;
- 2) ақпарат жинау (деректі және визуалды);
- 3) жиналған ақпаратты жүйелеу;
- 4) презентация жоспарын құру:

– ақпаратты түрі бойынша жіктеу;
– іс-әрекет тақырыбын таңдау (нұсқаулық, зерттеулік, имитациялық);

– коммуникативті тактиканы таңдау (дискуссиялар және

идеяны дәл жеткізу үшін пікірталастар);

– шығармашылық тактиканы таңдау (ақпаратты зерделеуге және ұсынуға жаңа формалар мен тәсілдерді құру);

– қандай да бір принцип бойынша ақпаратты жүйелеу (алфавит, уақыт бойынша, санаттар бойынша, иерархия бойынша);

5) эскиз құрау (баспа инфографикасы үшін) және кадрларды ашу

(интернет-инфографика үшін);

6) жоспарлау және графикамен жұмыс (негізгі және қосалқы объектілерді құрастыру).

Өзіндік жұмыстың жоспарланған нәтижелері:

– студенттердің зерттеу міндеттерін түпнұсқалық түрде шешу үшін жеке шығармашылық қабілеттерін пайдалануға дайын болуы;

– тақырыптағы ұғымдар немесе жекелеген бөлімдер арасындағы қатынасты меңгеру.

Эссе жазу. Бұл, өзіндік жұмыс формасы өзіндік жұмыстың мақсаты: өзіндік дағдыларды дамыту-шығармашылық ойлау және жазбаша баяндау. Эссе-өз көзқарастарын, іс-әрекеттерін жазбаша негіздеу.

Эссе – «философиялық, әдеби-сын жанры – ауызекі сөйлеу». Ол-еркін композициясы бар шығарма. Прозалық стильде жазылады. Берілген тақырып бойынша жазып отырған адамның жеке пікірін, тұжырымдары мен әсерін білдіреді.

Эссенің жіктелуі:

– мазмұны бойынша: философиялық, әдеби-сын, тарихи, рухани және діни, көркем публицистикалық, ғылыми және т. б.

– әдеби түрінде: рецензия, хат, күнделік парақтары, ескертпелер және т. б.;

– сонымен қатар форматы бойынша: сипаттау, баяндау, рефлексивті, сыни, аналитикалық түрлерін ажыратады.

Сипаттама формасы бойынша: автордың тұлғалық ерекшеліктерін көрсететін субъективті ой және тақырыпты, құбылысты, идеяны сипаттайтын объективті ой.

Эссенің белгілері:

– Шағын көлемді – 3 беттен 7 бетке дейінгі компьютерлік мәтін.

– нақты тақырыбы бар және оның нақты бір-жақты түсіндірмесі бар.

– еркін композиция – эссенің маңызды бөлігі.

– әңгімелеу жеңілдігі.

– Парадокстарды қолдану. Көптеген зерттеушілердің ойы бойынша міндетті түрде эссе-оқырманды таң қалдыруы қажет.

– Ішкі мағыналық тұтастығы.

– Сонымен бірге эссе жазу барысында күрделі сөйлем, жаргондардан, тіркестерден, қысқартулардан, тым жеңіл сөздерді қолданудан, түсініксіз терминдерден аулақ болған жөн.

Құрылымы – автордың ойы тезис түрінде ұсынылуы керек. Ол дәлелденуі керек.

Эссе тақырыпша, абзац, параграфтарға бөлінеді. Әр абзац арасында логикалық болуы шарт. Осылайша эссе бүтін болады. Ол экспрессивті, эмоционалды және көркем болуы керек.

Тапсырманың орындалуы:

1) кіріспе (2–3 сөйлем, мәселенің өзектілігін баяндап, тұжырымдау үшін).

2) автор үшін ғана емес сонымен қатар оқырман үшін де маңызды мәселені құрастыр;

3) мәселеге түсініктеме беру;

4) авторға тиесілі ой қалыптастыру, дәлел келтіру;

5) қорытынды жазу.

Презентациямен жұмыс істеу. Орындау түрі: жоба презентациясын Microsoft Power Point құрап және безендіру

– жоба ұсынылған тізімінде берілген біреуі бойынша құрылуы керек

Орындау критерийлері:

Презентацияның құрылымы:

1) алғашқы бет (нысан бойынша рәсімделеді);

2) жоспар (презентация бөлімдерінің реттік мазмұны);

3) кіріспе (зерттелетін мәселенің мәнін құрастыру, тақырып таңдауды негіздеу, оның маңызын және актуальдылығын анықтау, презентацияның мақсатын және міндеттерін анықтау);

4) негізгі бөлім (презентацияның бұл бөлімінің әр бөлігі оның бір жағын немесе жеке мәселені дәлелді түрде ашады, бұл бөлімде кестелер, сызбалар, графиктер, сурет қолдануға болады);

5) қорытынды (қорытынды жасалады немесе презентация тақырыбы бойынша жинақталған қорытынды беріледі, пікір ұсынылады);

6) ақпарат дерекнамасының тізімі.

Презентацияны орындауға қойылатын талаптар:

1) презентацияның көлемі 20-25 слайд болуы керек (презентацияның көлеміне жұмыстың қосымшасы кірмейді);

Медицинское и фармацевтическое образование

2) презентацияда иллюстрациялар жоғары сапалы болуы керек (суреттер, сызбалар, макро – микропрепараттар);

3) презентация сауатты орындалуы керек, мәдениет пен бірыңғай стиль мазмұнын сақтап;

4) мәтін мазмұнының барысында қолданылған ақпарат дерекнамасына нұсқаулықтар болуы керек;

5) әдебиеттер көрсеткішін дұрыс безендіру (әдебиеттер тізімі).

Менталдық карта (майндмэппинг).

Менталдық картаны құру – майндмэппинг, mindmapping) – бұл ассоциативті / логикалық схемалар түріндегі ойлау процесіндегі ақпараттың графикалық бейнесі;

Ментальды карта (майндмэп, mindmap) – орталық ұғымнан немесе идеядан шығатын тармақтармен байланысты сөздер, символдар, суреттер немесе басқа да ұғымдар бейнеленген ағаш тәрізді сізба;

Менталь картасында мынадай ұғымдар (байланыстар) көрсетілуі тиіс: атеросклероздың этиологиялық факторлары, патогенез механизмдері, атеросклероз кезіндегі қан тамырлары мен мүшелерінің макро – және микроскопиялық өзгерістері (бас ми, жүрек, бүйрек, ішек, аяқтар), асқынулар мен нәтижелердің тізбесі.

Орындау алгоритмі:

1. А3 форматындағы қағаз парағын алыңыз (бұл формат минималды, қаласаңыз, үлкен форматты қолдануға болады)

2. Ортасында негізгі ұғымды белгілеңіз (тамыр атеросклерозы кезінде нысана ретінде)

3. Негізгі тармақтарды сызыңыз (негізгі ұғымдар)

4. Ішкі тармақтарды сызыңыз (негізгі ұғымдарды нақтылау)

5. Картаны безендіріңіз-түсті қарындаштар, фломастерлер, суреттер, стикерлер және т. б. пайдаланыңыз.

6. Ағаш тәріздес схема «классикалық», бірақ сіз таңдаған схемалардың басқа да түрлерін пайдалана аласыз.

Кейс-тапсырманы орындау. Өзіндік жұмыстың мақсаты: қысқа мерзімде ауқымды реттелмеген ақпаратты талдау қабілетін қалыптастыру, ақпараттың жеткіліксіздігі жағдайында шешімдер қабылдау.

Кейс-тапсырма (ағылш. case – жағдай) – нақты оқиғамен немесе оқиғалар тізбегімен байланысты, кейстер – тәжірбиелік мәселелік жағдайларды талдауға негізделген оқыту әдісі.

Кейс түрлері: иллюстрациялық, аналитикалық, шешім қабылдаумен байланысты.

Тапсырманы орындау:

1) негізгі мәтінді талқылау үшін сұрақтар дайындаңыз:

– кейстің бірінші парағы қысқаша есте қаларлық атауының болуы;

– кіріспе, онда кейстің кейіпкері (кейіпкерлері) айтылады, мәселенің тарихы туралы айтылады, істің басталу уақыты көрсетіледі;

– негізгі бөлім, ақпараттың өзекті мәселелері, ішкі шиеленіс;

– қорытынды (онда кейстегі қарастырылған мәселені шешімі);

2) әр түрлі ақпараттарды іріктеумен қосымшаларды таңдау, кейстің жалпы мәнмәтінін беру, (құжаттар, басылымдар, сурет, видео және т. б.);

3) мәселенің ықтимал шешімін ұсыныңыз.

Өздік жұмыстың жоспарланған нәтижелері:

– студенттердің нақты зерттеу міндеттерін шешу кезінде ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдау және оларды қолдану қабілеті;

– зерттеу мәселелерін түпнұсқа шешу үшін жеке шығармашылық қабілеттерін пайдалануға дайын болу;

– ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, ақпараттық және библиографиялық мәдениет негізінде кәсіби қызметтің стандартты емес міндеттерін шешу қабілеті.

Жиынтық (жалпылама) кестені құру.

Өзіндік жұмыстың мақсаты: кесте құру арқылы тақырыптың ұғымдары немесе жеке бөлімдері арасындағы қатынасты меңгеру.

Жиынтық (жалпылама) кесте-айнымалылар түрінде көрсетілген зерттелетін құбылыстар арасындағы қатынастардың шоғырланған көрінісі.

Тапсырма нұсқалары:

– кез-келген жүйедегі, мәтіндегі ұғымдар түрінде немесе санаттар түрінде көрсетілген элементтер арасындағы функционалдық қатынастарды көрсетіңіз;

– зерттелетін тақырыптың пәнаралық байланысын ұсыну

(пәннің).

Кестені құру ережелері:

1) кесте мәнерлі және ықшам болуы керек, зерттеу міндетіне жауап беретін бірнеше шағын, бірақ көрнекі кестелер жасаңыз жақсырақ;

2) кестенің атауы, бағандар мен жолдардың атауы дәл және қысқа тұжырымдалуы керек;

3) кестеде зерттелетін нысан және өлшем бірліктері міндетті түрде көрсетілуі керек;

4) кестеде қандай да бір деректер болмаған жағдайда көп нүкте қойылады немесе «мәліметтер жоқ» деп жазады, егер қандай да бір құбылыс орын алмаған болса, онда сызықша қояды;

5) бір және сол көрсеткіштердің мәндері кестеде бірдей дәлдік дәрежесімен келтіріледі;

6) кестеде топтар, кіші топтар және жалпылама бойынша қорытындылар болуы тиіс;

7) егер деректерді жинақтау мүмкін болмаса, онда осы бағанда көбейту белгісін қояды;

8) үлкен кестелерде әр бес жолдан кейін оқу мен талдауға ыңғайлы болуы үшін аралық жасалады.

Өзіндік жұмыстың жоспарланған нәтижелері:

– студенттердің зерттеу міндеттерін түпнұсқалық түрде шешу үшін жеке шығармашылық қабілеттерін пайдалануға дайын болуы;

– тақырыптағы ұғымдар немесе жекелеген бөлімдер арасындағы қатынасты меңгеру.

Граф-схеманы пайдалану

Өзіндік жұмыстың мақсаты: тақырыптағы ұғымдар немесе жекелеген бөлімдер арасындағы қатынасты меңгеру, оларды граф-схема көмегімен көрсету.

Схема-деректерді көрсету үшін таңбалар қолданылатын, ақпаратты, мәселені шешу және талдау әдісінің графикалық көрінісі.

Граф-схема – мәтіннің негізгі субъектілері арасындағы логикалық байланыстардың графикалық бейнесі (шартты көрсетілген константалар арасындағы қатынастар).

Тапсырма нұсқалары:

– ұғымдар арасындағы иерархиялық қатынастарды көрнекі түрде ұсыну;

– кез-келген жүйедегі (бөлім), мәтіндегі ұғымдар түрінде немесе санаттар түрінде көрсетілген элементтер арасындағы функционалдық қатынастарды көрсету;

Тапсырманы орындау:

1) Осы бөлімде зерттелген негізгі ұғымдарды бөліп көрсету

(осы тақырып бойынша);

2) ұғымдар бір-бірімен қалай байланысты екенін анықтау;

3) ұғымдардың жеке блоктары өзара қалай байланысты екенін көрсету;

4) ұғымдардың граф-схемамен құрылғандардың сәйкестілігінің өзара байланыстарына мысалдар келтіру.

Өзіндік жұмыстың жоспарланған нәтижелері:

– студенттердің зерттеу міндеттерін түпнұсқалық түрде шешу үшін жеке шығармашылық қабілеттерін пайдалануға дайын болуы;

– тақырыптағы ұғымдар немесе жекелеген бөлімдер арасындағы қатынасты меңгеруі.

Ақпараттық іздеу

Өзіндік жұмыстың мақсаты: әр түрлі ақпараттық ізденістер негізінде оқу іс-әрекеттерін жобалау және түрлендіру қабілетін дамыту.

Ақпараттық іздеу-құрылымданбаған құжаттық ақпаратты іздеу.

Ақпаратты іздеудің заманауи міндеттерінің тізімі:

– модельдеу мәселелерін шешу;

– құжаттарды жіктеу;

– құжаттарды іріктеу, жіктеу;

– іздеу жүйелері мен пайдаланушы интерфейстерінің архитектураларын жобалау;

– ақпарат алу (аннотация және рефераттау құжаттар);

– іздеу жүйелеріндегі ақпараттық-іздеу сұрау тілін таңдау.

Іздеу түрлері бойынша тапсырманың мазмұны:

– библиографиялық іздеу-қажетті мәліметтерді іздеу

көзі туралы және оның басқа іздеу көздер жүйесінде болуын анықтау. Библиографиялық ақпаратты іздеу жолымен жүргізіледі

және библиографиялық құралдарды (ақпараттық басылымдарды);

– қажетті ақпарат бар НЕМЕСЕ БОЛУЫ МҮМКІН ақпарат көздерін (құжаттар мен басылымдарды) іздеу;

– әдебиеттегі, кітаптағы нақты ақпаратты іздеу (мысалы, тарихи фактілер мен оқиғалар туралы).

Тапсырманы орындау:

1) білім саласын анықтау;

2) деректер түрі мен көздерін таңдау;

3) ақпараттық модельді толтыру үшін қажетті материалдарды жинау;

4) ең пайдалы ақпаратты таңдау;

5) ақпаратты өңдеу әдісін таңдау (жіктеу, кластерлеу, регрессиялық талдау және т. б.);

6) үлгіні іздеу алгоритмін таңдау;

7) заңдылықтарды, ресми ережелер мен құрылымдық жиналған ақпараттағы байланыстар;

8) алынған нәтижелерді шығармашылық түрде түсіндіру.

Қажетті сипаттамаларды анықтау моделінің мысалы және нақты ақпараттық іздестірудің ерекшеліктері (шарттары)

– Іздеудің мақсаты-құжаттық іздеу (тақырып бойынша негізгі құжаттар мен басылымдарды іздеу).

– Іздеу тақырыбы-тақырыптық іздеу (тек мәселе бойынша).

– Әдебиет жанры (түрі) – түр іздеу (монографиялар, жинақтар, анықтамалықтар, библиографиялық құралдар).

Медицинское и фармацевтическое образование

– Іздеу әдісі-диалектикалық (қолданыстағы іздеу әдістерінің барлық мүмкін жиынтығы).

– Хронологиялық қамту-ретроспективті (белгілі бір кезеңге іздеу).

– Географиялық қамту-елтану ізденісі (шет тілдерінен аударылған басылымдарды қоспағанда, ақпараттық көздер).

– Іздеудің толықтығы-селективті іздеу (ең танымал басылымдарды таңдау).

Өздік жұмыстың жоспарланған нәтижелері:

– студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі талаптарын ескере отырып, ақпараттық және библиографиялық мәдениет негізінде кәсіби қызметтің стандартты міндеттерін шешу қабілеті;

қауіпсіздік;

– ғылымның заманауи мәселелерін білуге дайын болу

білім беру және кәсіптік білім беру

міндеттерді.

Талқылау. Оқу үдерісінде белсенді оқу әдістерін қолдану, интеграциялық оқыту ұстанымдарын қолдана отырып, студенттердің өзіндік жұмысын жүргізу студенттердің білім алуға деген құлшыныстарын жоғарлатып, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді, жоғары мамандандырылған үнемі даму үстіндегі маман даярлаудың талаптарына жауап береді.

Заманауи инновациялық технологияларды тек оқу үдерісінде ғана қолданып қоймай, сонымен қатар халықаралық нарықта өте жоғары сұранысқа ие мамандандырылған бәсекеге қабілетті жас мамандарды даярлауда да кең қолданыс табуда. Заманауи білім беру бағдарламасындағы өзіндік жұмыс-оқытуды ұйымдастырудың бір түрі ретінде қарастырылады, қажетті ақпаратты дербес іздеуді қамтамасыз етуге қабілетті, аудиториялық сабақтар барысында ақпаратты шығармашылық тұрғыда қабылдау және аудиториядан тыс жерлерде студенттердің аналитикалық қабілеттерін дамытып, оқу уақытын жоспарлау және бақылау дағдыларын дамыту, іскерліктерін жетілдіріп оқу еңбегін ұтымды ұйымдастыру [1, 10].

Қазіргі кезде, мысалы, патологиялық анатомия пәнін оқыту барысында қажетті материалдарды көрсету, ой қалыптастыру, жіктеу, морфогенездік сызбаларды көрсету, анық және тура көрсету үшін мониторда көрсетуге мультимедиялық аспап қолданылады, салыстырмалы нәтижелердің қағидалары мен дифференциалды диагностиканың әртүрлі патологиялық үрді-

стерін пайдалана отырып, макро- және микроскопиялық өзгерістерді анық және көрнекті етіп көрсетеді.

Студенттердің өздік жұмысы мен тәжірбиелік жұмыстарында «LEICA DM 1000» атты компьютерленген микроскоп, микросуреттері бар CD-атласы, әртүрлі патологиялық үдерістердің макро- және микропрепараттарының электрондық демонстрациялық базалары және оқулық фильмдері, оқу материалының игеру дәрежесін жоғарылататын қазақ тіліндегі оқулықтар мен презентациялардың электрондық түрі қолданылады. Сонымен қатар, ғылыми патоморфологиялық лабораторияларында иммунофлюоресцентті және заманауи бинокулярлы, патологиялық үрдістің құрылымы мен гистологиялық материалдың өңдеу негізін терең түсінуге мүмкіндік беретін, бояуы мен ретімен жүргізлетін гистологиялық материалдардың автоматтандырылған жүйесі орналасқан.

Осылайша, өзіндік жұмыс – студенттердің білім беру процесін ынталандырып, белсенділігін, танымдық қызығушылығын арттыратын білім беру процессін ұйымдастыру нысаны. Қандай да бір дағдыларды игеру бойынша өзіндік жұмыс дағдылары ерте балалық шақтан көрініс тауып, барлық өмір сүру барысында дамиды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Интеграцияланған оқу әдісінің заманауи үлгісі студенттердің қызығушылығын арттырып, жоғары сұранысқа ие болды.

Интеграцияланған оқу әдісінің заманауи үлгісі студенттердің қызығушылығын арттырып, жоғары сұранысқа ие болды. Жүргізілген құпия сауалнама барысында аталған әдістерді қолдана отырып тақырыптың өзектілігін ашу студенттерге ұнап, әрі жиі өткізілуін талап етті.

Заманауи технологияларды қолдануды ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру студенттерге танымдық іс-әрекетке және медицина мен емдеу-диагностикалық процестің теориялық негіздерін игеруге қажетті практикалық дағдылар мен дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Студенттердің тілектері арасында тек тақырыптық интеграцияланған дәрістерді ғана емес, сонымен қатар бірқатар практикалық сабақтарды, СОӨЖ, СӨЖ өткізу қажеттілігі айтылды.

Студенттерде дәстүрлі білім беру бағдарламаларына қарағанда белсенді оқыту әдістеріне деген көзқарас оң.

Білім алушылардың көбісі білім беру саласындағы жаңашылықтарға оң көзқараспен қарайды, және оң немесе теріс жақтарын бағалай алады.

Оқу үрдісін жоспарлау білім алушылардың білімге деген құштарлығын арттырып, білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

1 Аралбай С. М. Правильное направление инновационного образовательного процесса в обществе – гарантия в сфере здравоохранения /С. М. Аралбай, К. М. Абдрахманова, А. Баден //Медицина и экология. – 2017. – №3. – С.113-117.

2 Бурков В. Н. Как управлять проектами / В. Н. Бурков, Д. А. Новиков. – М.: Синтег, 1997. – 190 с.

3 Дятлова К. Д. Самостоятельная работа студентов как способ формирования компетенций /К. Д. Дятлова, И. А. Ковпак //Вестник Нижегородского университета им. Н. И. Лобачевского. – 2012. – №1. – С. 25-29.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдардағы білімді дамытудың МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ. <http://www.edu.gov.kz>

Лаптев В. В. Инфографика: основные понятия и определения // Общество. Коммуникация. Образование. – 2013. – №184. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/infografika-osnovnye-ponyatiya-i-opredeleniya>

Морозова Н. С. Модели управления внеаудиторной самостоятельной работой студентов //Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2017. – №9. – Ч. 2. – С. 198-202.

Никифорова С. А. Использование методов научных проектов в образовательном процессе в медицинском вузе /С. А. Никифорова, А. С. Ламанова, О. А. Ковтун //Медицина и экология. – 2017. – №2. – С.102-105.

Скляренко А. Н. Технология формирования компетенций: методические рекомендации для преподавателя. – М.: МЮИ, 2011. – 213 с.

Сорокина Л. Л. Создание содержательно-информационной образовательной среды как условие реализации креативно-технологического подхода организации самостоятельной работы студентов //Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2017. – №8. – Ч. 1. – С. 193-195.

Темиргалиев К. А. О методологическом кризисе общественной науки в контексте вызовов современности /К. А. Темиргалиев, А. Т. Бакирова, Г. Г. Алиева //Медицина и экология. – 2017. – №1. – С.154-158.

Шмелева М. В. Интерактивное обучение как одно из требований к условиям реализации основных образовательных программ в вузе // Казанский педагогический журнал. – 2015. – № 6. – Ч. 1. – С. 25-30.

Knapper C. Changing Teaching Practice: Strategies and Barriers //Teacher Development in Higher Education. – 2013. – №35. – P. 53-81.

REFERENCES

1 Aralbaj S. M., Praviil'noe napravlenie innovacionnogo obrazovatel'nogo processa v obshhestve – garantija v sfere zdravooohranenija /S. M. Aralbaj, K. M. Abdrahmanova, A. Baden // Medicina i jekologija. – 2017. – №3. – S.113-117.

2 Burkov V.N. Kak upravljat' proektami / V. N. Burkov, D. A. Novikov. – M.: Sinteg, 1997. – 190 s.

3 Djatlova K. D. Samostojatel'naja rabota studentov kak sposob formirovanija kompetencij / K. D. Djatlova, I. A. Kovpakov // Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N. I. Lobachevskogo. – 2012. – №1. – S. 25-29.

4 Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдардағы білімді дамытудың МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ. <http://www.edu.gov.kz>

5 Laptev V. V. Infografika: osnovnye ponjatija i opredelenija // Obshhestvo. Kommunikacija. Obrazovanie. – 2013. – №184. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/infografika-osnovnye-ponyatiya-i-opredeleniya>

6 Morozova N. S. Modeli upravlenija vneauditornoj samostojatel'noj rabotoj studentov //Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. – 2017. – №9. – Ch. 2. – S. 198-202.

7 Nikiforova S. A. Ispolzovanie metodov nauchnyh proektov v obrazovatel'nom processe v medicinskom vuze /S. A. Nikiforova, A. S. Lamanova, O. A. Kovtun //Medicina i jekologija. – 2017. – №2. – S.102-105.

8 Skljarenko A. N. Tehnologija formirovanija kompetencij: metodicheskie rekomendacii dlja prepodavatelja. – M.: MJUL, 2011. – 213 s.

9 Sorokina L. L. Sozdanie soderzhatel'no-informacionnoj obrazovatel'noj sredy kak uslovie realizacii kreativno-tehnologicheskogo podhoda organizacii samostojatel'noj raboty studentov // Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. – 2017. – №8. – Ch. 1. – S. 193-195.

10 Temirgaliev K. A. O metodologicheskom krizise obshhestvennoj nauki v kontekste vyzovov sovremennosti /K. A. Temirgaliev, A. T. Bakirova, G. G. Alieva //Medicina i jekologija. – 2017. – №1. – S.154-158.

11 Shmeleva M. V. Interaktivnoe obuchenie kak odno iz trebovanij k uslovijam realizacii osnovnyh obrazovatel'nyh programm v vuze // Kazanskij pedagogicheskij zhurnal. – 2015. – № 6. – Ch. 1. – S. 25-30.

12 Knapper C. Changing Teaching Practice: Strategies and Barriers //Teacher Development in Higher Education. – 2013. – №35. – P. 53-81.

Поступила 18.02.2023 г.

Медицинское и фармацевтическое образование

Р. Ж. Ныгызбаева¹, Г. Н. Иманбаева¹, М. М. Тусупбекова², Л. М. Стабаева^{1}, С. С. Абиева²*

ИНТЕРАКТИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ В ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ В ВУЗАХ КАЗАХСТАНА

¹КГП «Областная клиническая больница» (г. Караганда, Казахстан);

²КГП на ПХВ многопрофильная больница им. профессора Х. Ж. Макажанова, г. (Караганда, Казахстан).

Цель статьи – совершенствования методов и форм обучения студентов необходимо сформировать научно обоснованную единую систему. Подготовка квалифицированных специалистов в высших учебных заведениях требует использования новых усиливающих видов и методов обучения. Необходимо определить и усовершенствовать способы обучения, основанные на инновационных педагогических технологиях. Современные инновационные технологии должны использоваться не только в учебном процессе, но и при подготовке высококонкурентных молодых специалистов, пользующихся высоким спросом на международном рынке. Эффективные способы обучения определяются на уровне образования посредством использования различных методов. Сегодня, наряду с существующими базовыми методами обучения, в учебном процессе часто используются новые методы обучения. Оценка уровня знаний учащихся определяется различными методами обучения.

Следует отметить, что современные инновационные технологии находят широкое применение не только в учебном процессе, но и в подготовке конкурентоспособных молодых специалистов со специализацией, пользующихся высоким спросом на международном рынке. Эффективные пути образования определяются применением различных методов на уровне знаний. На сегодняшний день в учебном процессе наряду со сложившимися основными методами обучения все чаще используются новые методы. Оценка уровня знаний студентов определяется различными методами обучения.

Ключевые слова: инновационное обучение, интеграционное образование, самостоятельная работа, педагогика.

R. Zh. Nygyzbayeva¹, G. N. Imanbayeva¹, M. M. Tussupbekova², L. M. Stabayeva^{1}, S. S. Abiyeva²*

INTERACTIVE TRAINING IN THE ORGANIZATION OF INDEPENDENT WORK OF STUDENTS IN UNIVERSITIES OF KAZAKHSTAN 'Regional Clinical Hospital RSE (Karaganda, Kazakhstan)

²multidisciplinary hospital named after Professor Kh. Zh. Makazhanov RSE on REM (Karaganda, Kazakhstan).

The purpose of the article is to improve the methods and forms of teaching students, the formation of a scientifically based unified system. The training of qualified specialists at the university requires the use of new forms and methods of teaching. It is necessary to identify and improve the ways of education based on innovative pedagogical technologies. One of the new tasks of state strategies remains to increase the requirements for training specialists in the international education market and the active introduction of modern innovative technologies into the educational process, support for the promotion of scientific technology in higher education and medicine. The introduction of interactive learning technologies into the educational process, including the use of remote technologies with video content, the strengthening of the material and technical base for medical and technical specialties, the increase in the number of electronic reading rooms, the organization of research work, continues widely.

It should be noted that modern innovative technologies are widely used not only in the educational process, but also in the training of competitive young professionals who are in high demand on the international market. Effective ways of education are determined at the level of knowledge using various methods. Today, along with the basic teaching methods formed in the learning process, new methods are often used. The assessment of the level of knowledge of students is determined by various teaching methods.

Key words: innovative training, integration education, independent work, pedagogy.